

Қазақ даласында музыкалық сауатты алғашқы болып үйретушілердің бірегейі –А.Жұбанов

Арипбаева Л.Ш., Туреханов Қ.Е.,Мурзабаева М.А.

Қазақстан Республикасы , Шымкент

Заманымыздың – халқымыздың біртуар азаматы, кәсіби музыкасының ақсақалы, академик Ахмет Қуанұлы Жұбанов бұрынғы Орал облысы, қазіргі Ақтөбе облысы, 1906 жылы 29 сәуірде (айында) Теміруезі, Темірорқаш болысының Ақжар деген жерде, орта шаруа отбасында дүниеге келген. Ахмет Қуанұлы Жұбановтың музыкаға деген қабілеті ерте оянды. 6 жасында домбыра ойнап, ән салды. Ата-анасы 7 жасында Үркачевскідегі 2 жылдық училищеге оқуға береді. Оның алғашқы мұғалімі Құсайын Әжіғалиев жан-жақты өте қарапайым, тартымды адам болған. Ахмет тек тілдерді ғана игеріп қоймай, өмірде болып жатқан өзгерістерге дұрыс көзқараспен қарау қажет екендігін ерте түсінді. Үш жыл бойы Құсайын Әжіғалиев Жұбановтардың жанұясымен бірге тұрды. Ол Ахметке түрлі аспаптарда домбыра, балалайка, мандалин, скрипка аспаптарында ойнауды үйретті.

Ахмет Жұбанов өте зерек оқушы болды, ол көп нәрсені жан-жағындағы білімді адамдардан үйренді. Жасынан зерделі, өнер білімге құштар Ахмет 1916 жылы Жұрындағы екі жылдық орыс мектебін бітіреді. Осы жанұяға 1919 жылы қайғы төнеді. Ауданға тараған «сүзек» ауруынан әкесі қайтыс болады. 1921 жылы ашаршылық жылы үйдегі малдың бәрі қырылады. Ахмет ерте бастан жұмыс істеуге тура келеді. Ол басында хатшы болып, одан кейін «Шаңырақ» оқу үйінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1925 жылы Теміруезіндегі халық ағарту бөлімі Ахмет Жұбановты Ақтөбеге бір айлық курсқа жібереді. Курсты тәмамдаған соң, Ақжар мектебін е мұғалім болып келеді. 1928 жылы Ақтөбеге қайтадан оқуға жібереді. 1929 жылы А. Жұбанов Ленинградтың А.Енукидзе атындағы шығыс тілдері институтының аспирантурасына түсуге бара жатқан туғанағасы Құдайберген мен ілесіп музыка өнерінің қиын да қызықты жолына аттанады. Ахмет осы жылы Ленинградтың М.И.Глинка атындағы музыкалық техникумында скрипка класында оқып, келесі 1930 жылы Ленинградтың Римский-Корсаков атындағы консерваториясының гобой класына оқуға түседі. Ахмет мұнда тек қана гобой мамандығымен қалып қоймай консерваторияда музыканың тарихи-теориялық факультетінде қоса оқиды. Консерваторияда оқып жүрген кезінде Ахмет Жұбанов қазақ тілінде алғашқы еңбегін жазады. Ол еңбегі «Музыка сауытының әліппесі» деп аталады. 1931 жылдың жазында Ахмет өз елінде 50 шақты ән мен күйді жазып алады. 1932 жылы консерваторияны бітіріп, Ахмет Жұбанов өнер зерттеу институтының аспирантурасына түседі. 1933 жылы Ленинградтың көркем өнер зерттеу академиясының аспиран

турасында оқып жүрген Ахмет Жұбановты Қазақстан өлкелік комитеті мен халық ағарту комиссариатының сұрауы бойынша Академия басшылығы жаңадан ашылған музыкалық драма техникумына Алматыға жұмысқа жіберіледі.

Осы жылы Ахмет Жұбанов жаңадан ашылған музыка-драма техникумның оқу ісін басқарады. Ахмет Жұбанов техникумның директоры жазушы Сағыр Камалов пен ақылдаса отырып техникум ісін жолға қойды. Техникум жанынан қазақ музыкасын зерттейтін ғылыми кабинет және қазақтың халық аспаптарын жетілдіретін эксперименталдық шеберхана ашылды. Осы істерді жолға қою үшін Ленинградтан Е.Т. Брусиловскийді, Қазақстанның әр болысынан әйгілі талант иелері М.Бөкейханов, Л.Мұхитов, Ғ.Медетовтарды, музыка шеберлері Борис және Эмениул Романенколар шақырылды. Осындай істердің арқасында техникум жанынан халық аспаптар ансамблі, 1933 жылы қазіргі халық аспаптар оркестрі ұйымдастырылды, ол 1934 жылы КазЦИК атындағы «Қазақ ұлт оркестрі» болып қалыптасты. 1943 жылдың күз айынан бастап 1944 жылы ақпан айында Ташкент қаласында өтетін Орта Азия мен Қазақстанның әдебиетін өнер онкүндігіне баруға қызу дайындық жүріп жатты. Бұл декада оркестрмен Ахмет Жұбанов үшін оңайға түспеді. Себебі оркестрдегі ер азаматтарды әскер қатарына алып кетуіне байланысты, оркестр мектеп оқушыларын жұмысқа алып олардың орын даушылық өнерімен қатар, білімдерін де ашу қажет болды. Мұндай міндетті іс жүзінде орындау үшін күніне он сағаттан жұмыс істеуге тура келді. Осын дай қиыншылықтың бәрі соғыс жылдары күнге 400 грамм нанмен күн көрген уақытты өтіп жатты. Бірақ сол уақыттағы азаматтар сол қиындыққа сыр білдірмей өмірдің қиыншылығын жеңе білді және жеңді де. Осы еңбегі үшін жоғарғы аттестатция комиссиясы Ахмет Жұбанов жолдасқа диссертация қорғатпай-ақ көркем өнер ғылымдарының докторы деген атақ берді. Үкімет пен партия Ахмет Жұбанов жолдастың қазақ музыка ғылымдарын өркен деуге зор еңбегін бағалап, оны Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» орденімен және «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен наградталды.

Қазақ ауыз әдебиеті, әсіресе оның алуан жанрлы поэзиялық туын дылары халықтың сол заманғы деңгейі мен өмір сүру қағидаларын көрсетеді. Музыка әдебиетсіз, сондай-ақ әдебиет музыкасыз көп нәрсе жоғалтқан болар еді.

Қазақтың дәстүрлі мәдениеті поэзия мен музыканың өзара байланысын ың молдылығы мен, сол кездегі өнерпаз жандардың көзі ашықтық ұстан ымдарын көрсетеді. Көп жайда ән мен жыр бірлесе қос қанаттаса дамиды болған.

Ән мен өлең, жыр мен поэзия қазақ даласында өзінің жасампаздығын көрсетті. Ән мен күйдің әуені сөйлеу тіліндегі сөздердің интонациясына – дәл келеді. Құрансүрелері әр түрлі мақамдармен айтылған. Бақсы (шаман) өзінің жаратушымен «тілдесетін», ауруды емдейтін, күн мен түнді байланыстыратын шарттары болған. Ұлтымыздың бүкіл рухани игілігі 20 ғасырға дейін жазбасыз түрде дамып, ауыздан-ауызға, әкеден-балаға, ұстаздан – шәкіртке, өткеннен болашаққа жеткізіліп отырған. Шаруашылықтың көшпенді және көшпенді емес түрі ұлттық аспаптардың, музыкалық дәстүрлердің ерекшеліктерін, қазақ қоғамының өмірі мен тұрмысының, сөздік және ақындық көркем өнердің бір тұтастығын көрсетеді. Музыка өзінің алғашқы кезеңінде ескі көшпелі қоғамның қажеттілігінен туып, ірі діни және тұрмыстық салт-дәстүрлермен біртұтас дүниеге айналды. Қазақ этносының қалыптасу кезеңінде пайда болған ірі эпикалық баяндаулар – жыраулар орындауындағы жырлар әртүрлі дәстүрлермен байланысты болды. Халық жадында жүзден аса эпос сақталған, олар мың өлең жолынан тұрады, қылқобыз немесе домбыра арқылы орындалған. Халық шығармашылығының сүйікті жанры, батырлық және лирикалық-тұрмыстық эпостар қатарында "Қобыланды", "Алпамыс", "Ер-Тарғын Қамбар", "Қыз-Жібек", "Қозы-Көрпеш - Баянсұлу", "Еңлік және Кебек" жырларын айтуға болады. Бұлар қазақ тарихына қатысты нақты оқиғаларды аңыз, мифологиялық түрде жеткізеді. Халық музыка аспаптарының көне үлгісі ретінде кейін пайда болған күй де - өзінің бастапқы кезеңінде магиялық міндеттерді атқарған. Екі дәстүрдің - эпикалық және аспаптық дәстүрдің шығуы халық санасында атақты әулие -Қорқыт есімімен (бірінші жырау және шамаң "күй атасы" және қыл-қобызды жасаушы алғашқы шаман есімімен) байланысты. Қорқыт өзінің ұрпағына ұлы мұра-қобыздық күйлер - "Қорқыт", "Желмая", "Тарғыл тана", "Елімай", "Ұшардың ұлуы" сияқты және т.б. шығармалар қалдырды. Олардың бір бөлігі дыбысты беру сипатымен ерекшеленді және табиғаттың табиғи дауыстарын, өмір, өлім, тұрмыс туралы философиялық ойларды берген. Қазақтың ауыз әдебиеті өзінің барша бітім-болмысында музыкамен тығыз байланысты. Алғашқы өнер туындылары синкретизм түрінде болған. Ерте кезде эпос, жыр қиссалар мен аңыз әңгімелер, ән жырлар сол кездегі тұрмыс, тіршіліктің белгісі.

Әдебиеттер:

1. Жұбанов А. «Замана бұлбұлдары» II – б. Алматы : 1963 ж.
2. Жұбанов А. «Ғасырлар пернесі» Алматы : 1975 ж
3. Жұбанов А. «Құрманғазы күйлері қалай шыққан?» Алматы : 1993 ж.
4. Қирабаев С. «Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері» Алматы : 1995 ж.
5. Мұқанов С. Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғ.ғ. әдеби тарихының очерктері .А : 1942 ж.